**«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**Меңгерушілік кеңестің**

**№1 Хаттамасы**

**02.09.2022ж.** **Қатысқаны-1**

**Күн тәртібінде:**

**1.Қазақстан Республикасының президентті Касым Жомарт Токаевтың халықына берген жолдауын талқылау.**

**2. Күзгі ертенгіліктің іс-шарасымен таныстыру, бекіту.**

**1.Тыңдалым**:Балабақша меңгерушісі:Ш.Касымова бірінші сөзін Касым Жомарт Токаевтың мектепке дейінгі тәрбие жұмысында болып жатқан өзгерістерді президентіміздің айткан сөздерімен бастады.

Келесі маңызды мәселе — білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.
Қазақта "Ел боламын десең, бесігінді түзе" деген сөз бар.
Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек.
Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.
Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет.
Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн.
Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады.
Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.
Құрметті: тәрбиешілер біз 5жыл сайын аттестацидан өтуіміз қажет.Осы мәселені қолға алуымыз керек деп сөзін аяқтады.
**2.Тыңдалым:** Балабақша меңгерушісі:Ш.Касымова биылғы балабақшаның жылдық жоспарына сай күзгі ертенгіліктің іс-шарасымен таныстырды.Тәрбиешілер өз ұсыныстарын айтты.Балабақша әдіскері Б.Маликова сөз алды биыл «Күз Ханзадасы мен ханшайым» атты сайысты ұйымдастыруды ұсынды. Меңгеруші бұл тақырыптты қолдады.

Шешім

2. Күзгі ертенгіліктің іс-шарасы өтілсін

Төрайымы: Ш.Касымова
Хатшы: К.Жолшиева

Мақтаарал ауданы білім бөлімі «Демеу» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Меңгерушілік кеңес Хаттамасы№1

05.09.2023ж. кезектен тыс Қатысқаны-6

Күн тәртібінде:

1.Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде «Демеу»бөбекжай балабақшасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында өткен «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын ұжым болып тыңдады.

- Жолдаудың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналды.
- Әр баланың толыққанды дамуы үшін елімізде осыған жағдай жасалатынына баса назар аударды.
- Президент Жолдауда сапалы білім беруге жағдай жасау туралы тапсырма берді:
- «... бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады».

1 Қыркүйек, 2023жылы жарияланған Президент Жолдауында еліміздің сапалы өмір сүруін көздеген түйіткілді мәселелерді көтере отырып, оны шешу тетіктерін де меңзеген болатын.

Мемлекеттік басшысының Жолдауы, халықты қолдауы маңызды.

Президентіміздің ой-түйіні: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары әрдайым қатар жүруге тиіс. Демек, Әділетті Қазақстан орнату үшін әрқайсымыз Адал азамат болайық!

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** балабақша әдіскері Б.Маликова сөз алды. Президентіміз 1 қыркүйектегі жолдауында балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет, оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек , осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуі тиіс деп өте орынды айтылған. Және де балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет деп, білікті мамандардың жұмыс жасауын талап етіп отыр.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Асилбекова сөз алды. Қазіргі кезде көптеген адамдарымыз жұмыссыз жүр, Президентіміз осы орайда келесі жылы100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек, жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді –деп, ұлттың болашағын ойлай отырып, өте өзекті мәселені көтеріп отыр.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** балабақша тәрбиешісі К.Жолшиева сөз алды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақстан халқы жолдауында отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Бұл мәселеге көз жұма қарауға болмайды. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек-деп, отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса , олар олар одан бетер басынып кететіні жайлы өте жақсы айтылған.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі халқына арналған Жолдауын жүзеге асыруға міндеттіміз.

2. Жоғарыда аталған міндеттерді насихаттауды қолға алу жұмыстары жандандырылсын.

Төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева

**Меңгерушілік кеңес**
**№ 2 хаттамасы**

05.01.2023ж Қатысқандар: 15

**Күн тәртібі:**

1. жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.
2. Кіріс құжаттарды талқылау.

**Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова жаңа жыл барімізге құтты болсын,сәттілік,табыс, жұмыста береке тілеймін.Биыл қыс қатты суық болуына байланысты балаларды барынша қауіпсіздігін сақтауымыз керек.Ауланы қардан, мұздан дембіл дембіл тазартып отыруымыз керек.Ең бастысы балалардың қауіпсіздігі.

Тыңдалды. Әдіскер Б.Маликова -жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы доңыз жылының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ. Кішкентай бүлдіршіндерімізге арнайы театыр шақырылды ертегі кейіпкерлері келіп сомдап қызықты етіп өткізді , ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді. Деп өз сөзін аяқтады.

**Сөйледі:** кіші топ.– тәрбиешісі біздің топтың балалары өте кішкентай болса да барлығы маскарадный киімде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тақпақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор, биде татулық таныта білді. Музыка әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты.Сыйлықтарға балалар қатты қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.Балалардың қауіпсіздігіне қатты мән берілді.

2. **Тыңдалды:** Кіріс құжаттарды талқылау.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Ш.Касымова Кіріс құжатарға тоқталып өтті.Өз сөзінде әр келген хатқа мән беріп оның орындалуын талап ететінін айтты.Хат мәтіні бойынша жұмыс жүргізуді бірінші орынға қою мәселесін айтты.

Шешім:

1.Балалар қуанышы бірінші орынға қойылып, әр мереке жоғарғы деңгейде өтілсін

2. Хат мәтіні бойынша жұмыс жүргізуді бірінші орынға қоиып,сайыстар келсе оларды орындап,балалар қатыстырылып отырсын

төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева